

Көліктік (тасымалдау), коммерциялық және (немесе) өзге де құжаттарды тауарларға арналған декларация ретінде пайдалану тәртібі туралы нұсқаулықтың 12-тармағына өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 14 мамырдағы № 73 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі 105-бабының 6-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы "Көліктік (тасымалдау), коммерциялық және (немесе) өзге де құжаттарды тауарларға арналған декларация ретінде пайдалану тәртібі туралы" № 263 шешімімен бекітілген Көліктік (тасымалдау), коммерциялық және (немесе) өзге де құжаттарды тауарларға арналған декларация ретінде пайдалану тәртібі туралы нұсқаулықтың 12-тармағы мынадай мазмұндағы 123-тармақшамен толықтырылсын:

"123) егер бұрын мұндай тауарлар арнайы кедендік рәсімге орналастыру кезінде тізбе ұсыныла отырып декларацияланған болса, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілетін (өткізілген) және арнайы кедендік рәсімге орналастырылатын, сондай-ақ арнайы кедендік рәсімнің қолданысын аяқтау мақсатында реэкспорт кедендік рәсіміне орналастырылатын WorldSkills ("Ворлдскиллс") кәсіби шеберлік бойынша ресми халықаралық жарыстар іс-шараларын, Жаңа кезеңнің Халықаралық Ганзей күндері шеңберінде ресми халықаралық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу кезінде ғана пайдалануға арналған шетелдік тауарлар;"

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян